

## "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауарлар шығарылған жер атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы 1993 жылғы 18 қантар N 1889-XII. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1999.07.26. N 457 Заңымен. ~Z990457

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауарлар шығарылған жер атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Z932800\_ жарияланған күнінен бастап күшіне енгізілсін.

2. Бұрынғы КСРО-да ертеректе тіркелген тауар таңбалары иелеріне, сондай-ақ осы Заң күшіне енген кезге дейін тауар таңбаларына берілген өтінімдер бойынша іс жүргізу аяқталмаған өтінім берушілерге осы таңбаларды алғашқы берілген өтінімдер бойынша басымдығын сақтай отырып, Қазақстан Республикасы аумағында тіркеу туралы Ұлттық патент ведомствосына өтініш жасау құқығы берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бір ай мерзімде:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін "Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауарлар шығарылған жер атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес келтірсін;

Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының осы Заңға қайшы келетін өз нормативтік актілерін қайта қарап, күшін жоюын қамтамасыз етсін;

КСРО куәліктерімен қорғалған, сондай-ақ осы Заң күшіне енгенге дейін Ресей Федерациясының Мемлекеттік патент ведомствосына тіркеуге өтінім берілген тауар таңбаларын тіркеу тәртібі туралы мәселені шешсін.

1992 жылғы 1 сәуірге дейін:

"Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауарлар шығарылған жер атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қолдану жөніндегі қажетті нормативтік актілер қабылдасын;

тауарлар шығарылған жердің тіркелген атауларымен белгіленген тауарларды өндіру мен өткізуді бақылау жүктелетін мемлекеттік органдарды белгілесін.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Қазақ КСРО Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер енгізу туралы ұсыныс әзірлеп, Жоғарғы Кеңеске енгізсін.

Осы Қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Жоғарғы  
Кеңесінің Ғылымды және халықта білім беру ісін дамыту мәселелері жөніндегі  
комитетіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы  
Кеңесінің Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК